



аудандық қоғамдық - саяси газет
районная общественно - политическая газета

АЛТЫН астық

10 қараша - ноябрь 2025 год

eginredaksiya.kz

№ 42(666)

Ақмола өңірінде 80 мыңнан астам азамат әлеуметтік көмек алды



Ақмола облысында әлеуметтік қолдау мен жұмыспен қамту саласында жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Өңірде қарттар, мүмкіндігі шектеулі азаматтар және аз қамтылған отбасыларды қорғауға ерекше көңіл бөлінеді. Бұл туралы брифингте Ақмола облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Шолпан Рахматуллина мәлімдеді, - деп хабарлайды Өңірлік Коммуникациялар қызметі. Оның айтуынша, жыл сайын қазан айында облыс көлемінде қарттар мен мүгедектігі бар азаматтарға арналған әлеуметтік қолдау айлығы өткізіледі. Бұл бастама қоғамда қамқорлық пен құрмет құндылықтарын нығайтуға, сондай-ақ егде жастағы адамдардың өмір сапасын арттыруға бағытталған. Қазір облыста 131 мыңнан астам зейнеткер, 29 мыңға жуық мүмкіндігі шектеулі адам, бір Ұлы Отан соғысының ардагері және 1200-ден астам тыл еңбеккері тұрады. Биылғы айлық аясында 1 миллиард теңгеден астам қаражат бөлініп, 81 мың адам әлеуметтік көмек алды. Оның ішінде жергілікті бюджет есебінен 910 миллион теңге жұмсалды. Шолпан Рахматуллинаның айтуынша, 35 мың зейнеткер біржолғы қаржылай көмек алған. «Сонымен қатар, 1200 зейнеткердің санаторийге бару шығындары өтелді. Көкшетау қаласының 31 мың зейнеткері қоғамдық көлікте тегін жүру мүмкіндігіне ие болды, ал кейбір азаматтарға отын сатып алуға көмек көрсетілді. Бұл бастамалар облыс әкімі Марат Ахметжановтың тапсырмасымен жүзеге асырылуда», - деп атап өтті спикер. Негізгі мақсат – егде жастағы азаматтардың өмір сапасын жақсарту және әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігін арттыру. Өңірде қазіргі таңда 29 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі адам бар. Олардың ішінде бірінші топтағы – 3 297, екінші топтағы – 10 649, үшінші топтағы – 12 070 адам, сондай-ақ 3 600-ге жуық бала бар. 1 қарашадағы мәлімет бойынша 13 мыңнан астам адам оңалту құралдары мен қызметтерімен қамтамасыз етілген. Бұл қатарға протездік-ортопедиялық көмек, арбалар, есту аппараттары, гигиеналық құралдар және жеке көмекшілер қызметі кіреді. «Облыста 46 әлеуметтік қызмет көрсету мекемесі жұмыс істейді. Оның 29-ы мемлекеттік, 17-сі жеке ұйым. Осы мақсаттарға 430 миллион теңге бөлінген. Мүгедектігі бар адамдар күніне орай өңір тұрғындарына 300 миллион теңгеден астам біржолғы әлеуметтік төлем жасалған», - деді басқарма басшысы. Шолпан Рахматуллина атап өткендей, Ақмола облысында әлеуметтік саясатты дамыту мен халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету бағытындағы жұмыс жүйелі түрде жалғасады. Қарттарға, мүмкіндігі шектеулі жандар мен аз қамтылған отбасыларға қамқорлық көрсету — өңір басшылығының басты басымдығы болып қала береді.

Егіндікөл ауданында «Қыс-2025» командалық-штабтық оқу-жаттығуы өтті

2025 жылғы 6 қарашада Егіндікөл ауданында «Қыс-2025» командалық-штабтық оқу-жаттығуы өтті. Іс-шара қызметкерлер мен азаматтық қорғау күштерінің қысқы кезеңде болуы мүмкін төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимылдарға дайындығын тексеру және жетілдіру мақсатында өткізілді. Оқу-жаттығуға аудан әкімдігінің, азаматтық қорғау қызметінің, полицияның, апаттар медицинасының, коммуналдық кәсіпорындар мен энергетиктердің өкілдері қатысты. Қатты аяз және қар көшкіні жағдайында халықтың

тұрақты тіршілік әрекетін қамтамасыз ету, автомобиль жолдарын тазалау, зардап шеккендерге көмек көрсету және электрмен жабдықтауды қалпына келтіру жөніндегі іс-қимылдар пысықталды. Мұндай оқу-жаттығулар қызметтердің өзара іс-қимылын ұйымдастырудағы кемшіліктерді уақтылы анықтауға және қыс мезгіліндегі ықтимал төтенше жағдайларға ауданның дайындық деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.



В Егиндыкольском районе прошли командно-штабные учения «Қыс–2025»

6 ноября 2025 года в Егиндыкольском районе состоялись командно-штабные учения «Қыс–2025». Мероприятие проведено с целью совершенствования и проверки готовности сотрудников и сил гражданской защиты к действиям по ликвидации возможных чрезвычайных ситуаций в зимний период. В учениях приняли участие представители районного акимата, службы гражданской защиты, полиции, медицины, коммунальных предприятий и энергетиков. Отработывались действия по обеспечению устойчивой

жизнедеятельности населения в условиях сильных морозов и снежных заносов, расчистке автомобильных дорог, оказанию помощи пострадавшим и восстановлению электроснабжения. Подобные учения позволяют своевременно выявить недостатки в организации взаимодействия служб и повысить уровень готовности района к возможным чрезвычайным ситуациям в зимний период.

По информации пресс - службы акима района

Аудан/қала әкімдері	18 қараша сәрсенбі	19 қараша сейсенбі	20 қараша бейсенбі	21 қараша жұма	
Егіндікөл ауданының әкімі	Бауман а., Бауман ауылының ЖББМ, сағ. 10:00	Жалманқұлақ а/о, әкімдік, сағ. 10:00	Алакөл а/о, мәдени-демалыс орталығы, сағ. 10:00	Егіндікөл а., аудандық Мәдениет үйі, сағ. 11:00	
	Қоржынкөл а., Қоржынкөл ауылының ЖББМ, сағ. 12:00	Спиридоновка а., Спиридоновка ауылының ЖББМ, сағ. 12:00	Буревестник а., әкімдік, сағ. 12:00		
			Ұзынкөл а/о, мәдени-демалыс орталығы, сағ. 14:00		

ГРАФИК

регулярных встреч акима Егиндыкольского района с населением во втором полугодии 2025 года

Акимы районов/ городов	18 ноября вторник	19 ноября среда	20 ноября четверг	21 ноября пятница
Аким Егиндыкольского района	с.Бауманское, ОШ села Бауманское, 10.00 час.	Жалманкулакский с/о, село Жалманкулак, акимат, 10.00 час.	Алакольский с/о, культурно-досуговый центр, 10.00 час.	с.Егиндыколь, районный Дом культуры, 11.00 час.
	.Коржинколь, ОШ села Коржинколь, 12.00 час.	с.Спиридоновка ОШ села Спиридоновка 12.00 час	с.Буревестник, акимат, 12.00 час.	
			Узынкольский с/о, село Узынколь, культурно-досуговый центр, 14.00 час.	

Егіндікөл ауданының ауылдары мен ауылдық округтері әкімдерінің тұрақты кездесулері 2025 жылдың екінші жартыжылдығында Халықпен
КЕСТЕСІ

Аудан/қала	А/о, ауыл, кент, аудандық маңызы бар қала әкімдері	14 қараша бейсенбі	18 қараша сәрсенбі	19 қараша сейсенбі	20 қараша бейсенбі	21 қараша жұма
Егіндікөл ауданы	Бауман ауылының әкімі		Бауман ауылы, жалпы білім беретін мектеп, сағ. 10.00			
	Қоржынкөл ауылының әкімі		Қоржынкөл ауылы, жалпы білім беретін мектеп, сағ. 12.00_			
	Жалманқұлақ ауылдық округінің әкімі	Жұлдыз ауылы, медициналық пункт, сағ. 10.00		Жалманқұлақ ауылы, әкімдік, сағ. 10.00		
	Спиридоновка ауылының әкімі	Абай ауылы, әкімдік, сағ. 10.00		Спиридоновка ауылы, жалпы білім беретін мектеп, сағ. 12.00		
	Алакөл ауылдық округінің әкімі	Көркем ауылы, негізгі орта мектеп, сағ. 10.00			Полтавское ауылы, мәдени-демалыс орталығы, сағ. 10.00	
	Буревестник ауылының әкімі				Буревестник ауылы, әкімдік, сағ. 12.00	
	Ұзынкөл ауылдық округінің әкімі	Тоғанас ауылы, негізгі орта мектеп, сағ. 10.00			Ұзынкөл ауылы, мәдени-демалыс орталығы, сағ. 14.00	
	Егіндікөл ауылының әкімі					Егіндікөл ауылы, Аудандық Мәдениет үйі, сағ. 11.00

ГРАФИК

регулярных встреч акимов сел и сельских округов Егиндыкольского района с населением во втором полугодии 2025 года

Район/город	Акимы с/о, сел, поселков, городов рай.значения	14 ноября четверг	18 ноября вторник	19 ноября среда	20 ноября четверг	21 ноября пятница
Егиндыкольский район	Аким села Бауманское		село Бауманское, общеобразовательная школа, 10.00 час.			
	Аким села Коржинколь		село Коржинколь, общеобразовательная школа, 12.00 час.			
	Аким Жалманкулакского сельского округа	село Жулдыз, медицинский пункт, 10.00 час.		село Жалманкулак, акимат, 10.00 час.		
	Аким села Спиридоновка	село Абай, акимат, 10.00 час.		село Спиридоновка, общеобразовательная школа, 12.00 час.		
	Аким Алакольского сельского округа	село Коркем, основная средняя школа, 10.00 час.			село Полтавское, культурно-досуговый центр, 10.00 час.	
	Аким села Буревестник				село Буревестник, акимат, 12.00 час.	
	Аким Узынкольского сельского округа	село Тоғанас, основная средняя школа, 10.00 час.			село Узынколь, культурно-досуговый центр, 14.00 час.	
	Аким села Егиндыколь					село Егиндыколь, районный Дом культуры, 11.00 час.

Ауыл шаруашылығы
жануарларын бірдейлендіру



Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 7-1/68 бұйрығымен реттеледі.

Осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген тәсілмен бірдейлендіруге Қазақстан Республикасының аумағындағы ауыл шаруашылығы жануарлары жатады. Ауыл шаруашылығы жануарларының төлі мынадай жасқа жеткен күнінен бастап он төрт жұмыс күнінен көшіктірілмей бірдейлендіріледі:

бұзаулар, қозылар, лақтар, боталар – туған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін;
құлындар – төрт айлық жасынан бастап (таңбалау кезінде), туған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін (чиптеу кезінде);

тақ тұяқты жануарлардың төлі (есектер, қашырлар, пони, зебра, құлан және басқа жануарлар) – төрт айлық жасынан бастап (таңбалау кезінде), туған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін (чиптеу кезінде); асыл тұқымды торайлар, әрі қарай өсіруге және өсімін молайтуға арналған торайлар және халықтың шаруашылықтарында күтіп-бағылатын торайлар – туған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін;

ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында, шаруа және фермерлік қожалықтарда күтіп-бағылатын және өнеркәсіптік өсіруге, кейіннен сою үшін тоғыз айлық жасқа жеткенге дейін бордақылауға арналған торайлар – туған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін;

тоғыз айлық жасқа дейін сойылмаған, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында, шаруа және фермерлік қожалықтарда күтіп-бағылатын және өнеркәсіптік өсіруге және бордақылауға арналған торайлар – тоғыз айлық жасқа толған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін.

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру рәсімі:

1) осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген тәсілдердің бірімен ауыл шаруашылығы жануарларына жеке нөмір беруді;
2) «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасын қалыптастыру және жүргізу және одан үзінді көшірмелер беру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 2 маусымдағы № 367 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6321 болып тіркелген) бекітілген тәртіппен мәліметтерді ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасына енгізуді;

3) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ветеринариялық паспорт беруді қамтиды. Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 29.07.2016 № 344 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен. Жеке нөмірді беру ауыл шаруашылығы жануарларының түріне қарай келесі тәсілдердің бірімен жүргізіледі:

1) сырғалау (тоғыз айлық жасқа дейін сойылмаған, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында, шаруа және фермерлік қожалықтарда күтіп-бағылатын, өнеркәсіптік өсіруге және бордақылауға арналған ірі қара мал, ұсақ мал, түйелер, шошқалар және торайлар үшін);
2) таңба басу (төрт айлық жасқа толғаннан бастап) немесе чип салу (туғаннан бастап жеті күн өткеннен кейін) (жылқылар және тақ тұяқты жануарлар үшін);
3) татуировка (ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында, шаруа және фермерлік қожалықтарда күтіп-бағылатын және өнеркәсіптік өсіруге, тоғыз айлық жасқа жеткенге дейін кейіннен сою үшін бордақылауға арналған торайлар үшін).

Ауыл шаруашылығы жануарларының барлық түріне қосымша келесі тәсілдермен жеке нөмір беруге жол беріледі:

электрондық бірдейлендіру тәсілі (ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін пайдаланылатын радиожиілікті белгісі бар сырғалар, болюстер, чиптер және басқа бұйымдар (құралдар);

татуировка; таңба басу.

Бұл ретте, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында, шаруа және фермерлік қожалықтарда ауыл шаруашылығы жануарларына осы тармақта көрсетілген тәсілдермен жеке нөмір беру: мал бастарын ішкі шаруашылық есепке алуды жүргізу үшін; осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген тәсілдермен жеке нөмір берілгенге дейін, ауыл шаруашылығы жануарларына

уақытша жеке нөмір беру үшін жүргізіледі. Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу тәртібі

Ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарға (құралдарға) және атрибуттарға деген қажеттілікті айқындап, облыстың жергілікті атқарушы органына ақпарат береді:

1) ағымдағы жылдың 1 ақпанына дейін – ағымдағы жылға арналған ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарға (құралдарға) және атрибуттарға деген қажеттілік жөнінде;
2) ағымдағы жылдың 1 наурызына дейін – келесі жылға арналған ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарға (құралдарға) және атрибуттарға деген қажеттілік жөнінде;

3) осы Қағиданың 28 және 29-тармақтарында көрсетілген жағдайлардың туындауына қарай ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарға (құралдарға) және атрибуттарға деген қажеттілік туындаған кезде. Осы Қағиданың 19-тармағына сәйкес алынған ақпарат негізінде облыстың жергілікті атқарушы органы, сондай-ақ республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы облыс, республикалық маңызы бар қала, астана бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарға (құралдарға) және атрибуттарға деген қажеттілікті айқындап, процессингтік орталыққа ақпарат береді:

1) ағымдағы жылдың 15 ақпанына дейін – ағымдағы жылға арналған ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарға (құралдарға) және атрибуттарға деген қажеттілік жөнінде;
2) ағымдағы жылдың 15 наурызына дейін – ағымдағы жылға арналған ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарға (құралдарға) және атрибуттарға деген қажеттілік жөнінде;
3) осы Қағиданың 28 және 29-тармақтарында көрсетілген жағдайлардың туындауына қарай ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарға (құралдарға) және атрибуттарға деген қажеттілік туындаған кезде.

Процессингтік орталық осы Қағиданың 20-тармағына сәйкес алынған ақпарат негізінде ауыл шаруашылығы жануарларының жеке нөмірлерінің эмиссиясын жүргізеді.

Бұдан кейін процессингтік орталық:

1) Жүргізілген ауыл шаруашылығы жануарларының эмиссиясы нәтижелерін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарына жеткізеді;

2) ірі және ұсақ ауыл шаруашылығы жануарларының бірдейлендіруін жүргізуге арналған атрибуттар мен бұйымдардың (құралдардың) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарына тасымалдануын (жеткізуді) жүзеге асырады. Облыстың жергілікті атқарушы органы:

1) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді, ауыл шаруашылығы жануарларының жеке нөмірлерінің эмиссиясын жүргізуге арналған атрибуттар мен бұйымдардың (құралдардың) процессингтік орталықтан алынуына қарай аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына олардың қажеттіліктеріне сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған атрибуттар мен бұйымдарды (құралдарды), ауыл шаруашылығы жануарларының жеке нөмірлерінің эмиссиясына сәйкес жылқылардың және тақ тұяқты жануарлардың жеке нөмірлерін және ветеринариялық паспорттарды бөледі;

2) жүргізу мерзімін анықтай отырып, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуді ұйымдастырады;
3) дерекқордың тұрақты негізде жүргізілуін ұйымдастырады.

Ауыл шаруашылығы жануарларына ветеринариялық

паспорт беру тәртібі

Ветеринариялық ұйымдардың ветеринариялық дәрігері ауыл шаруашылығы жануарына жеке нөмір берген сәттен бастап үш жұмыс күнінің ішінде жануардың иесіне ветеринариялық паспорт береді.

Ветеринариялық паспорт ауыл шаруашылығы жануарларына ұсақ малдарды, шошқаны қоспағанда жеке беріледі.

Паспорт нөмірі осы Қағиданың 3-тармағында көрсетілген ауыл шаруашылығы жануарларының жеке нөміріне сәйкес келеді. Ұсақ малға (қойлар, ешкілер), шошқаларға ветеринариялық паспорт тобына (отарына) беріледі. Ұсақ малдың, шошқалардың тобына (отарына) ветеринариялық паспорт берген кезде, ветеринариялық паспорт нөмірінде осы Қағиданың 3, 4 және 5 тармақтарында көрсетілген ауыл шаруашылығы жануарларының тиісті түрінің жеке нөмірінің төрт символы көрсетіледі. Ветеринариялық паспортқа топтың (отардың) әрбір ауыл шаруашылығы жануарының жеке нөмірі енгізіледі.

Ветеринариялық паспортқа деректерді ветеринариялық ұйымның ветеринариялық дәрігері қолымен және мөрімен бекітіледі.

Бұл ретте ауыл шаруашылығы жануарына жүргізілген ветеринариялық өңдеулер және диагностикалық зерттеулер және ауыл шаруашылығы жануары туралы басқа да мәліметтер (ауыл шаруашылығы жануарларының жынысы, түсі, жасы, қосымша белгілері) дерек қорға енгізіледі. Ветеринариялық паспорт деректерін кейіннен жаңарту ветеринариялық іс-шараларды жүргізу, иесін ауыстыру, ауыл шаруашылығы жануарын бір әкімшілік-аумақтық бірліктен екінші әкімшілік-аумақтық бірлік аумағына орнын ауыстырған және басқа жағдайларда жүзеге асырылады.

Ірі ауыл шаруашылығы жануарлар шыққан кезде (ұдайы өндіріске өткізу) ветеринариялық паспорт ондағы тиісті белгісімен ауыл шаруашылығы жануарының жаңа иесіне беріледі.

Ұсақ ауыл шаруашылығы жануарлары тобының (отарының) бір бөлігі қатардан шыққан кезде (ұдайы өндіріске өткізу) жаңа иесіне ветеринариялық паспорттан үзінді көшірме беріледі. Ұсақ ауыл шаруашылығы жануары межелі пунктке келгеннен кейін, ауыл шаруашылығы жануарында бар жеке нөмірді өзгертпей ветеринариялық паспорт ресімделеді.

Тиісті мәліметтер дерек қорға енгізіледі.

Ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңында (сою бойынша алаң), сою пунктінде және етті қайта өндіру кәсіпорнында сойғаннан кейін сою алаңының (сою бойынша алаң), сою пунктері мен етті өңдеу кәсіпорындарының ветеринариялық дәрігерлері, ветеринариялық паспорттар мен ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) тиісті әкімшілік-аумақтың бірліктің жергілікті атқарушы органдары құрған ветеринариялық ұйымдарға тізімдеме бойынша береді, ал жеке тұтынуға арналған ауыл шаруашылығы жануарларын сойған кезде – иелері тапсырады. Жануар өлген жағдайда, сондай-ақ осы Қағидалардың 28 және 29-тармақтарында қарастырылған жағдайлар туындаған жағдайда ветеринариялық ұйымдар ветеринариялық паспорт және ауыл шаруашылығы жануарын бірдейлендіруге арналған бұйымдарды (құралдар) жойып, облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдарының бөлімшелеріне тиісті ақпарат жібереді. Ветеринариялық паспорттың түпнұсқасы ол жоғалған немесе ескірген кезде беріледі.

Жоғалған немесе бүлінген ветеринариялық паспортты ауыл шаруашылығы жануарының иесі ветеринариялық ұйымның ветеринариялық дәрігеріне осы Қағидада көрсетілген 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша еркін нысанда жазбаша өтініш (ветеринариялық паспорттың жоғалған, бүлінген фактісін растайтын құжаттармен қоса) берген күннен бастап жарамсыз деп есептеледі.

Ветеринариялық дәрігерге өтініш берілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде ветеринариялық паспортты алғашқы беру күнін және оны қайта ресімдеу күнін көрсете отырып жоғары оң жақ бұрышында «дубликаты» деген жазуы бар ветеринариялық паспорт беріледі.

Ветеринариялық паспорттың үзінді көшірмесін алу керек болған жағдайда, ветеринариялық ұйымның кеңсесі немесе www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы және осы Қағидада көрсетілген 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ветеринариялық паспорттың үзінді көшірмесін алуға арыз қабылданып тиісті үзінді көшірме беріледі.



Қазақ халқының рухани болмысы мен ұлттық құндылықтарының негізінде қарияға деген құрмет ерекше орын алады. «Қариясы бар елдің – қазынасы бар» деген халық даналығы осының айғағы. Қария – тек жасы үлкен адам емес, ол – өмірлік тәжірибесі мол, даналықтың, сабыр мен парасаттың иесі. Ол – ұрпақтар сабақтастығының алтын көпірі, ел мен жердің шежіресін көкірегіне түйген тірі тарих. Қария сөзі – өмір сынынан өткен, жүрек сүзгісінен сүзіліп шыққан шындық. Ол – ұлттығымыздың, дініміздің, руханиятымыздың алтын арқауы. Осындай қағиданы негізге алған аудандық Тілдерді оқыту орталығының ұйымдастыруымен «Қарттар күні» айлығы аясында ата-әжелер мен немерелер арасында, «Өнегелі отбасы» аудандық байқауы өтті. Бұл байқау ата-әжелер мен немерелер арасындағы рухани байланыс пен өзара құрметті нығайту, ата-бабамыздың өнегелі дәстүрлерін сақтап, оны келешек ұрпаққа жеткізу

мақсатында ұйымдастырылып отыр. Байқауға Амангелді Алиакбарұлы, Альмухамбет Қасымұлы, № 2 жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімі - Харченко Вера Васильевна, № 1 жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімі - Абишева Жанат Балтабаевналар қатысты. Іс-шара соңында Егіндікөл ауданы әкімінің орынбасары Әбіш Қайыргелді Қырықбайұлы қатысушы ата-әжелерімізді «Өнегелі отбасы», «Даналық дариясы», «Ұрпақ тәрбиешісі», «Ұрпаққа үлгі болған әже» номинациялармен және естелік сыйлықтармен марапаттады. Біз де өз кезегінде барша қатысушыларды жеңістерімен құттықтаймыз. Айтқанымызға келісіп, өздерінің шынайы ынтасымен қатысқан ата-әжелерімізге, олардың ұл-қыздары мен немерелеріне ризашылығымызды білдіреміз.

Нұрдәулет Қайрат,
Тілдерді оқыту орталығының директоры

О противодействии коррупции в органах государственных доходов

В Казахстане основой для борьбы с коррупцией в государственных органах, включая органы государственных доходов, является Закон «О противодействии коррупции» от 18 ноября 2015 года. Этот закон определяет принципы борьбы с коррупцией, такие как законность, защита прав человека и прозрачность, а также меры по ее предупреждению и наказанию за коррупционные правонарушения.

Основные положения закона
Цель: устранение коррупции в обществе, формирование нетерпимости к ней.

Принципы: Законность, защита прав и свобод граждан, гласность, взаимодействие государства и гражданского общества, системный подход к мерам противодействия, приоритет предупреждения коррупции и неотвратимость наказания.

Субъекты противодействия: уполномоченный орган по противодействию коррупции, другие государственные органы, субъекты квазигосударственного сектора, общественные объединения, а также физические и юридические лица.
Меры противодействия: антикоррупционный

мониторинг, анализ коррупционных рисков, формирование антикоррупционной культуры, выявление коррупциогенных норм, а также меры по предупреждению коррупции в государственных органах.

Финансовый контроль: лица, занимающие ответственные государственные должности, и лица, уполномоченные на выполнение государственных функций, обязаны представлять декларации об активах и обязательствах, а также декларации о доходах и имуществе.

Ответственность: за совершение коррупционных правонарушений предусмотрены различные виды наказаний, включая штрафы, лишение свободы и конфискацию имущества. Например, за получение взятки предусмотрен штраф от двадцатикратной до пятидесятикратной суммы взятки либо лишение свободы на срок до пяти лет, с конфискацией имущества и пожизненным лишением права занимать определенные должности.

УГД по Егиндыкольскому району

Началась подписка на 2026 год

Подписку на нашу газету вы можете оформить в любом отделении АО «Казпочта». Стоимость годовой подписки на издание составляет 3183 тенге, полугодовой – 1592 тенге. Периодичность выхода газеты – один раз в неделю по понедельникам. Подписка на электронную версию газеты вы можете оформить в бухгалтерии редакции. Вы будете получать выпуск газеты в формате PDF на свой адрес электронной почты в момент сдачи газеты в типографию. Стоимость полугодовой подписки на электронную версию газеты – 1000 тенге. Подписка полугодовая с получением газеты в редакции (ул. Победы, 7) – 1400 тенге. Оформить

этот вариант подписки вы можете в бухгалтерии редакции.

Если вы подписались на нашу газету, и она к вам не пришла или пришли не все номера, то просим сообщить об этом факте в редакцию «Алтын астық» по телефону: 2-13-69. Газета издается на государственном и русском языках. В нашей газете вы найдете для себя много интересного и полезного, будете в курсе новостей в районе, увидите материалы и фото себя и своих коллег! Газета с любовью издается для всех, кто неравнодушен к жизни в нашем Егиндыкольском районе.

Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ

**Жемқорлыққа
ЖОЛ ЖОҚ!**



Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған.

Сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген

адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүлкітік (мүлкітік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалану, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалану, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу. Күрделі, тарихи өзгермелі, келеңсіз әлеуметтік құбылыс болып табылатын сыбайлас жемқорлық адамзат өркениеті дамуының ерте кезеңдерінде пайда болғаны мәлім. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік басқарудың тиімділігін, елдің инвестициялық тартымдылығын төмендететіні, әлеуметтік-экономикалық қарыштап дамуды тежейтіні баршаға мәлім. Қолданыстағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы және 2015 жылғы 29 желтоқсанда бекітілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі Қазақстанда есеп берушілік, ашықтық және меритократия қағидаттарында құрылған кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыру үшін негіз жасады. Сыбайлас жемқорлық көріністерінің алғы шарттарының бірі шенеуніктің азаматпен тікелей байланысының болуы болып табылады, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері сақталады. Осыған байланысты өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік қызметтерді электрондық түрде көрсету сыбайлас жемқорлықты төмендетуге ықпал етеді.

Жалпы алғанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда ашықтық қағидаты түйінді фактор болып табылады. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу мақсатында ҚР АШМ АӨК МИК Егіндікөл аудандық аумақтық инспекциясы келесі мемлекеттік қызметтерді көрсетеді:

- 1.«Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификат беру»
- 2.«Астық пен оның өңделген өнімдерін карантиндік арамшөп өсімдіктерінің тұқымдары мен жемістерін тіршілік ету қабілетінен айыруды қамтамасыз ететін технологиялар бойынша өңдеу және (немесе) сүректі қаптама материалын залалсыздандыру мен таңбалауды жүзеге асыратын объектілерге есепке алу нөмірін беру» Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны электрондық (ішінара автоматтандырылған) қағаз түрінде.
- 3.»Ғылыми-зерттеу мақсатында карантиндік объектілерді (карантиндік зиянды организмдерді) әкелуді келісу» Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны электрондық (толық автоматтандырылған).

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері- тегін. Егіндікөл аудандық аумақтық инспекциясы басшылығымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, мемлекеттік қызметшілердің моральдық-этикалық бейнесіне қойылатын талаптарды сақтау бойынша тұрақты жұмыс жүргізілуде.

ҚР АШМ АӨК МИК
Егіндікөл аудандық аумақтық инспекциясы

Срочное фото на документы Художественное фото

Печать фотографий с цифровых носителей, разработка и печать пригласительных, открыток, визиток и другой продукции. Обращаться в редакцию газеты «Егіндікөл» по адресу: с. Егиндыколь, ул. Победы, 7.

Редакцияның мекен-жайы: 020600 Ақмола облысы, Егіндікөл ауылы, Победа көшесі, 7. Тел/факс:2-1369, Электронды пошта: egindikolinfo@mail.ru					
Меншік иесі: «Егіндікөл info» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Директор-редактор Гурбанова Светлана Михайловна	Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны үшін жауапкершілік жарнама берушіге жүктеледі Жарнама берушілер жіберген қателіктер бойынша шағымдар жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасына сәйкес болмауы мүмкін	Газет « Алтын астық »газетінің редакциясында дайындалды, терілді, жинақталды. Астана қаласы, Жұбанов көшесі 24/1 «Дунасарова А. Д.» ЖК басылып шықты	Мемлекеттік тілдегі материалдарға жауапты Балших Ахмарал Жинақтаушы оператор Алиева Анастасия	Тіркеу куәлігі №15838-Г 17.02.2016 ж. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі берген Таралымы 505 дана аптасына 1 рет дүйсенбі күндері шығарылады.